ҒТАМР 06.77.02 **https://doi.org/10.58805/kazutb.v.2.31-1469**

ҚР ЭКОНОМИКАСЫН БІЛІКТІ ЖҰМЫСШЫ КАДРЛАРМЕН ҚАМТУДА ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ

[1]А.А. Өмірғазынов, [2]Д.М. Кангалакова, [3]Б.М. Баядилова, [3]А.З. Нурпейсова, [4]А.С. Саржанова

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан,
[2]ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің РМҚК «Экономика институты», Алматы, Қазақстан,
[3]Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан,
[4]«Turan-Astana» University, Астана, Қазақстан

Корреспондент-автор: asem_nz@mail.ru

Мақаланың мақсаты - еліміздің экономикасын дамыту барысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру арқылы еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай білікті жұмысшы кадрларды даярлауды қамтамасыз ету жолдарын айқындау. Білікті кадрлармен жұмыс қазіргі таңа экономикада маңыздылыққа ие, өйткені өркендеу барысында инновациялық шешімдерді білікті мамандардың дұрыс қабылдауы бірнеше салаларды озық жетілдіріп, өзгерістер енгізе алады.

Зерттеу барысында талдау және салыстыру әдістері қолданылып, аймақтардағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктері мен негізгі бағыттары айқындалды.

Зерттеудегі тұжырымдар Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың экономиканы білікті жұмысшы кадрлармен қамтамасыз етудегі рөлін бағалауға, маңыздылығын арттыруға бағытталған. Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздік аймақтық және салалық тұрғыда статистикалық талдау арқылы анықталды. Экономиканың нақты секторлары үшін, әлеуметтік бағыттар бойынша жұмысшы мамандықтар даярлаудың өзектілігі негізделіп айқындалады.

Зерттеу нәтижелері аймақтардың экономикалық құрылымы мен өндірістік мамандануына байланысты жұмысшы кадрларға деген қажеттіліктің әркелкі екенін көрсетті. Осыған байланысты техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуда бірыңғай тәсілдерді емес, еңбек әлеуетінің интеллектуалды деңгейін арттыруға ықпал ететін факторларды енгізу қажеттілігі негізделді. Авторлар техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылатынын дәлелдейді.

Түйін сөздер: техникалық және кәсіптік білім беру, экономика, кадр тапшылығы, бәсекеге қабілеттілік, инновация, цифрландыру, еңбек нарығы, технология.

РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ЭКОНОМИКИ РК КВАЛИФИЦИРОВАННЫМИ РАБОЧИМИ КАДРАМИ

[1]А.А. Өмірғазынов, [2]Д.М. Кангалакова, [3]Б.М. Баядилова, [3]А.З. Нурпейсова, [4]А.С. Саржанова

[1]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
[2]РГКП «Институт экономики» Комитета науки Министерства образования и науки РК, Астана, Казахстан,
[3] Казахский университет технологии и бизнеса им. К.Кулажанова, Астана, Казахстан,
[4]«Turan-Astana» University, Астана, Қазақстан,
e-mail: asem_nz@mail.ru

Цель статьи-определить пути обеспечения подготовки квалифицированных рабочих кадров, отвечающих потребностям рынка труда, путем совершенствования системы технического и профессионального образования в ходе развития экономики страны. Работа с квалифицированными кадрами имеет важное значение в современной экономике, так как в процессе процветания правиль-

ное принятие инновационных решений квалифицированными специалистами может продвинуть и внести изменения в несколько отраслей.

В ходе исследования были использованы методы анализа и сравнения, определены особенности и основные направления развития системы технического и профессионального образования в регионах.

Выводы исследования направлены на оценку роли, повышение значимости развития системы технического и профессионального образования в Республике Казахстан в обеспечении экономики квалифицированными рабочими кадрами. Дисбаланс между спросом и предложением на рынке труда выявлен статистическим анализом в региональном и отраслевом разрезах. Обоснованно определяется актуальность подготовки рабочих специальностей для конкретных секторов экономики.

Результаты исследования показали, что потребность в рабочих кадрах в зависимости от экономической структуры и производственной специализации регионов неоднородна. В этой связи обоснована необходимость внедрения не единых подходов в развитии технического и профессионального образования, а факторов, способствующих повышению интеллектуального уровня трудового потенциала. Авторы доказывают, что развитие системы технического и профессионального образования является важным фактором обеспечения устойчивого социально-экономического развития Республики Казахстан.

Ключевые слова: техническое и профессиональное образование, экономика, дефицит кадров, конкурентоспособность, инновации, цифровизация, рынок труда, технологии.

DEVELOPMENT OF THE SYSTEM OF TECHNICAL AND VOCATIONAL EDUCATION IN PROVIDING THE ECONOMY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN WITH QUALIFIED WORKING PERSONNEL

[1]A. Omirgazynov, [2]D. Kangalakova, [3]B. Bayadilova, [3]A. Nurpeisova✉, [4]A. Sarzhanova

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
[2]«Institute of Economics» RSE under the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan,
[3]K. Kulazhanov Kazakh University of Technology and Business, Astana, Kazakhstan,
[4]«Turan-Astana» University, Astana, Kazakhstan,
e-mail: asem_nz@mail.ru

The purpose of the article is to identify effective ways to ensure the training of qualified workers who meet labor market needs through the development of the technical and vocational education system in the context of economic growth of the Republic of Kazakhstan. The study emphasizes the importance of skilled personnel for modern economic development, since qualified specialists play a key role in the adoption and implementation of innovative solutions across industries.

The research is based on methods of analysis and comparison, which made it possible to determine the main features and directions of the development of technical and vocational education in the regions. Statistical analysis revealed an imbalance between labor supply and demand in regional and sectoral terms, as well as differences in workforce needs depending on economic structure and industrial specialization. The relevance of training working professions for specific sectors of the economy is substantiated.

The results show that uniform approaches to the development of technical and vocational education are ineffective, and that regional and sectoral factors should be taken into account. The authors conclude that improving the vocational education system and increasing the intellectual level of labor potential are essential conditions for providing the economy with qualified workers.

Keywords: technical and vocational education, economics, shortage of personnel, competitiveness,

innovation, digitalization, labor market, technology.

Кіріспе. Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың негізгі бағыты ел экономикасын білікті жұмысшы кадрлармен қамтамасыз ету болып табылады. Экономиканың тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігі адами капиталдың сапасына, әсіресе жұмысшы мамандардың кәсіби даярлық деңгейіне тікелей байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында білікті жұмысшы кадрларға деген сұраныстың артып отырғаны және жұмысшы мамандықтарының маңыздылығы, сондықтан 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағанын, жыл сайын мыңдаған инженер, құрылысшы және ауыл шаруашылығы маманы оқуын бітіріп шығатынын ерекше атап өтті [1].

Қазіргі кезеңде цифрландыру мен технологиялық жаңару еңбек нарығына жаңа талаптар қояды. Экономиканы жаңғырту информатика, биотехнология, баламалы энергетика және өндірістік салалар бойынша жоғары білікті мамандарды қажет етеді. Алайда, егер бұл үдерістер тиісті деңгейде реттелмесе, еңбек нарығындағы сұраныс пен жұмысшы кадрлардың кәсіби біліктілік құрамы арасындағы теңгерімсіздік арта түседі [2].

Қазақстанда еңбек нарығының құрылымы мен экономиканың нақты секторындағы қажеттіліктер арасында сәйкессіздік байқалады. Жұмыс берушілер техникалық және қызмет көрсету бағыттарында білікті мамандар тапшылығы бар екенін атап өтуде. COVID-19 пандемиясы бұл мәселелерді одан әрі ушықтырып, техникалық бейіндегі кадрларды даярлау өзектілігін күшейткенін білеміз [3]. Осыған байланысты техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіріп бейімдеу және оны жетілдіру ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Білікті жұмысшы кадрлармен қамту және білікті жұмысшы кадрлардың беделін бәсекеге қабілеттіліктің маңызды бөлігіне айналдыру нәтижелері ғылыми жаңалыққа ие болады.

Практикалық маңыздылығы ретінде фрагменттелген бастамалық дағдыларды басқару, оқу жоспарларын жаңартулар мен жобалық оқытуларды кеңейтуді айтуға болады. Білікті жұмысшы кадрларын дайындау бойынша кәсіптік білім беруде жоғарғы оқу орындарының оқу үрдісіне аталған кеңейтулерді енгізу керек. Дуальды оқытуды жақсарту мен индикаторларды жүйелеп, еңбек нарығындағы онлайн платформаларды жетілдіреміз.

Материалдар мен әдістер. Әдебиеттерге шолуда экономиканы білікті жұмысшы кадрларымен қамтамасыз ету экономиканың тұрақтылығын негіздеуге, инновацияларды барынша дамытуға ықпалы бар маңызды санаттың бірі екенін көруге болады.

Б.А. Жанкубаев пен Д.Н. Шумеков өз еңбектерінде еңбек нарығын сегментациялау мәселелерін қарастырып, жұмыс күшінің біліктілік деңгейіне деген сұраныстың икемділігіне ерекше назар аударады. Авторлар еңбек нарығының циклдік сипатын талдай отырып, оны «біліктілік» өлшемі негізінде сегментациялау қағидатын ұсынады. Сонымен қатар, зерттеу барысында азық-түлік тауарларына деген сұраныс өзгерістерінің жұмыс күшіне деген сұраныс динамикасына ықпалы анықталады [4].

Г.К. Нургалиева дуальды оқыту, кәсіби білім беру және білім мен өндіріс интеграциясын талдап [5], А.Е. Бейсенова еңбек нарығының аймақтық ерекшеліктерін зерттеген. Ал Н.К. Мамыров әлеуметтік-экономикалық даму мен кадр даярлау мәселелерін айқындаған [6].

Ресей зерттеушілері Е.А. Полушкина мен Г.А. Краснованың зерттеулері Қазақстандағы атаулы реформа білім беру сапасын арттыруға және оның еңбек нарығының талаптарына сәйкестігіне бағытталған заңнамалық, ұйымдастырушылық және мазмұнды өзгерістерді қамтитынын атап өтеді [7].

Қазақстанда болашақта экономика салаларына қажетті мамандарды даярлау және олардың өндірістік ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі уақыт-

та өндіріс пен қызмет көрсету секторларында кадр тапшылығы мен кәсіби дағдылардың жеткіліксіздігі экономикалық тиімділікті төмендету қаупін тудырады. Сол себепті білікті мамандарды даярлау және оларды еңбек нарығына тиімді енгізу маңызды болып табылады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі осы міндетті шешудің негізгі құралы болып табылады. Кәсіби колледждер мен техникалық оқу орындары өндіріс, қызмет көрсету, құрылыс және басқа салаларға қажетті кәсіби дағдылар мен біліктілікті меңгерген мамандарды даярлап, экономиканың кадрлық әлеуетін нығайтады және еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері. Қазіргі заманда еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін қазақстандық мамандар үнемі өз дағдылары мен кәсіби қабілеттерін жетілдіріп отыруы тиіс. Hard skills, яғни кәсіби дағдылар, жұмыс жасайтын ұйымның ерекшеліктеріне немесе корпоративтік мәдениетке қарамастан бірдей деңгейде талап етіледі. Ал soft skills, яғни жеке тұлғаның қасиеттері, керісінше, жағдайға байланысты өзгеріп отыратын және бейімделуді қажет ететін дағдылар болып табылады. Hard skills-ті әртүрлі білім беру мекемелерінде меңгеруге болады, ал soft skills-ті игерудің нақты қадамдық нұсқаулығы жоқ: адам бұл қасиеттерге бастапқыда ие болуы мүмкін немесе тәжірибе арқылы оларды дамытады [8].

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу және түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы ТМД елдері арасында бірінші болып Болон конвенциясына қосылды. Қазақстанның болашағы мен экономикалық дамуы жоғары білімді инженерлердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты екенін ескерсек, Болон конвенциясы бұл мәселені шешудің маңызды факторы болып табылады. Ол жеке тұлғаның кәсіби дайындығын күшейтуге және оның нарықтық қатынастарға әлеуметтік бейімделуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Болон Конвенциясының Кредиттік оқыту жүйесі білім беру стандартына сәйкес сапалы мамандарды даярлауға бағытталған [9].

Мемлекеттік деңгейде жоғары оқу орындарының білім беру және ғылыми-зерттеу қызметіне қатысты заңнамалық және нормативтік-әдістемелік құжаттарға өзгерістер енгізіліп, бұл экономикалық білім беру саласын жаңғыртуға және қолданбалы зерттеулерді дамытуды қолдауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, экономикалық бағыттағы бағдарламаларды кеңейту, ғылыми базаны нығайту, деректерді талдау, басқару, қаржылық модельдеу және цифрлық экономиканың заманауи әдістерін енгізудің қажеттігі көрсетілді. Жүйелік кешенді тәсілдер мен құрылымдау, сараптамалық -талдау әдістері қолданылған.2025 жылға арналған кәсіпкерлікті дамытудың «Мықты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы мен ғылыми мақалалар қаралды.

Жоғары экономикалық білімге ие мамандарды даярлаудың озық әдістерін қамтамасыз ету үшін ғылымды, білім беруді және бизнесті интеграциялау, оқу процесіне инновацияларды енгізу, сондай-ақ қазіргі экономикалық кеңістікте қажет тәжірибеге бағдарланған құзыреттерді дамытуға бағытталған жаңа тәсілдерді қолдану маңызды болып отыр.

Нәтижелер және талқылау. Қазақстан экономикасымен еңбек нарығының қажеттіліктерімен байланысы көбінесе мынадай салаларды қамтиды: ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі, көлік және логистика, сауда, құрылыс пен инфрақұрылымдық жобалар. Аталған салалар көптеген білікті жұмысшы мамандықтарын аса керек етеді. Сонымен қатар, экономикалық білім беру мекемелерін де қамтитын Қазақстандағы жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында «Білімді ұлт: сапалы білім беру» ұлттық жобасы іске асырылуда. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық өсімге, еңбек өнімділігін арттыруға және жаңа салаларды дамытуға қабілетті мамандарды даярлаудың маңыздылығын үнемі атап өтеді.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, білім беру жүйесін жаңғырту және білім беру қызметтерінің сапасын арттыруда шешуші рөл адами капиталға жасалатын инвестицияға тиесілі. Ерте кезеңде адам әлеуетін дамытуға жұм-

салған қаржы мемлекетке ұзақ мерзімді перспективада жоғары табыс пен экономикалық тиімділікті қамтамасыз етеді. Адами капиталға инвестициялар айтарлықтай жоғары тиімділікпен сипатталады. Шетел тәжірибесін алатын болсақ, Жапонияда бітірушілер мамандық бойынша жеті жыл қызметтерін жасап, техникалық мамандық бойынша өтемін жүргізу керек. Құрылған тексерушілер шешімі арқылы ары қарай расталады. Ал Қазақстанда мұндай міндетті талап қарастырылмаған.

Экономиканың инновациялық дамуына көшу экономикалық бағыттағы жоғары оқу орындары алдында жаңа міндеттер қойғаны белгілі, ел аймақтарында талдамалық және инновациялық белсенділік орталықтарын қалыптастыру және тұрақты, бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуға негізгі қатысушы ретінде қызмет ету.

Қазіргі таңда Қазақстанда индустриялық-инновациялық экономиканы дамытудағы басты міндеттердің бірі ретінде елімізді әлемнің жетекші экономикаларының қатарында көрсету мақсатында жоғары технологиялық өндірісті жетілдіруді маңызды деп отырмыз. Алайда бұл мақсатқа тек техникалық қайта жарақтандыру мен шағын инновациялық шешімдер арқылы жету мүмкін емес; сонымен қатар білікті кадрларды даярлау мәселесіне де ерекше көңіл бөлінуі қажет [10].

Қазіргі Қазақстан жағдайында бәсекеге қабілеттіліктің өсуіне және еңбек әлеуетінің интеллектуалды деңгейін арттыруға ықпал ететін негізгі факторлар мыналар болып табылады (Сурет 1):



1-сурет. Еңбек әлеуетінің интеллектуалды деңгейін арттыруға ықпал ететін факторлар
Ескерту: авторлармен жасалды

Көрсетілген факторлардың ықпалы еңбек әлеуетінің алғышарты ретінде әрекет етеді.

Осы тұрғыда Қазақстан үшін стратегиялық маңызды бағыт - білім беру саласына инвестицияларды ұлғайту болып табылады. Білім беру жүйесін реформалау тиімділігі мен прогрессивті стратегияларды іске асыру сыртқы және ішкі факторлар жиынтығына байланысты анықталады. Бұған елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, демографиялық ерекшеліктері, мәдени және саяси жағдайлары, сондай-ақ білім беру саясатына жаңа әлеуметтік басымдықтарды енгізу қажеттігі әсер етеді [11].

Сондықтан да білім беру саласына мемлекеттік қолдауды көбейтіп, инвестицияларды ұлғайту керек.

Цифрлық технологиялардың жұмыспен қамту жағдайына деген әсері өте жоғары. Осыған байланысты бағалау бағыттарын бөліп көрсетуге болады: алдымен экономикалық бағалауды талдаймыз, оның позитивті әсері жаңа салалар мен кәсіптердің пайда болуы, негативті әсері еңбек нарығындағы теңсіздік жоғарылауы мүмкін. Әлеуметтік бағалауда қашықтан жұмыс жасау мүмкін болады, теріс бағытта жұмыссыздық қаупі болады. Технологиялық бағалауда қауіпсіздік позитивті, жұмыс орындарының технологияға тәуелділігі теріс бағытта болады. Еңбек

дағдылары тұрғысынан бағалауда цифрлық сауаттылық пен адами қарым-қатынастар дағдылары оң бағытты, автоматтандыруға оңай келетін жұмыстар мен қайталанатын тапсырмалар теріс бағытты көрсетеді. Ал Аймақтық салалық бағалауда қаржы, логистика АТ бойынша цифрлық рөлдердің маңызы артады, жұмыс орындары көбейеді. Техникалық қызметкерлерге деген сұраныс артады, білім беру мен медицинада технологияны толықтыратын модель қалыптасады деуге болады: адам + технология. Білім беру бағытында ғылым мен инновация бағыты маңызды болып табылады. Жалпы университтер PhD және ғылыми зерттеулерді ілгерілету бойынша аймақтық инновация деңгейін жоғары көтере алады. Экономикалық зерттеулерден байқағанымыздай, ғылыми тұрғыдағы бағдарламалар мен зерттеу жұмыстары аймақтық инновация белсенділігімен оң бағытты көрсетеді, инновациялық ұйымдардың санын арттырады. Ол дегеніміз экономикалық өсу бағытының жаңашыл драйверін қалыптастырады, себебі инновациялар жаңа бизнес, өнімдер мен қызметтер жол ашары. Елімізде 2024-2025 оқу жылында мөлшермен 122 жоғары оқу орындары қызмет етеді. Олардың көбісі экономикалық мамандықтарды даярлайды.

Қазіргі кезеңде мемлекет тарапынан техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға бағытталған бірқатар ұлттық жобалар іске асырылуда. Атап айтқанда, «Жайлы мектеп», «Білімді ұлт», «Жас маман» сияқты бағдарламалар ТжКБ саласының институционалдық және материалдық негізін нығайтуға ықпал етуде. Соның нәтижесінде колледждердің материалдық-техникалық базасы кезеңкезеңімен жаңартылып, оқу процесіне заманауи жабдықтар енгізілуде. Сонымен қатар, дуальды оқыту элементтерінің енгізілуі теориялық білім мен өндірістік тәжірибені ұштастыруға мүмкіндік беріп, білім алушылардың практикалық даярлық деңгейін арттыруға жағдай жасауда. Осы өзгерістер аясында жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылықтың біртіндеп арта бастағаны байқалады.

Алайда, ТжКБ жүйесінің дамуында бірқатар жүйелік мәселелер де сақталуда. Атап айтқанда, еңбек нарығының нақты сұраныстарына сәйкес мамандықтар тізбесі мен оқу бағдарламаларының жеткілікті деңгейде жаңартылмауы байқалады. Өндіріс пен білім беру ұйымдары арасындағы кері байланыстың әлсіздігі кадр даярлау сапасына кері әсерін тигізуде. Сонымен қатар, кейбір өңірлерде колледж түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 60 пайыздан төмен болып отыр. ТжКБ мамандықтарының әлеуметтік беделі әлі де төмен деңгейде қалып, жастардың басым бөлігі жоғары білім алуға ұмтылады. Бұдан бөлек, аймақтық еңбек нарығының ерекшеліктері ескерілмей, кадр даярлау үдерісінің шамадан тыс орталықтандырылған сипаты байқалады.

ТжКБ жүйесінің тиімділігін арттыру үшін саланы қаржыландыру тетіктерін жетілдіру қажет. Мемлекеттік білім беру тапсырысын еңбек нарығының орта және ұзақ мерзімді болжамдарына негіздей отырып бөлу кадр даярлаудың экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері мен кәсіби табыстылығына негізделген құзыреттілікке бағытталған қаржыландыру моделін енгізу өзекті болып табылады.

Жеке сектордың қатысуын кеңейту де маңызды бағыттардың бірі саналады. Бұл тұрғыда кәсіпорындармен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын дамыту, сондай-ақ жұмыс берушілердің өз қаражаты есебінен дуальды оқыту бағдарламаларына қатысуын ынталандыру ТжКБ жүйесінің практикаға бағытталуын күшейтеді.

Осы зерттеулер бойынша басымдық бағыттарын талдайтын болсақ төмендегі 1 – ші кесте деректерін қарастырамыз.

Кестеден көріп отырғанымыздай, экономикада бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін, еңбек нарығының болжамды моделін жасау керек, сонымен қатар жұмыс берушілерді оқу үрдісіне мейлінше көбірек тарту керек. Қоғамдық санада да жұмысшы мамандығының мәртебесін арттыру керек.4.0 индустриясына сәйкес мамандар даярлау қажет. Елімізде 2024-2025 оқу жылдарына

мемлекеттік білім беру тапсырысы 17000 орынды құраған. Өте жақсы көрсеткіш деуге болады. WorldSkills стандарттары бойынша Алматы қаласында 12 орталық жұмыс жасауда.

Қазақстан экономикасының құрылымы түбегейлі индустрияландыру, цифрландыру және «Жасыл экономика» бағыттарында басымдыққа ие.Олар еңбек нарығына жаңашыл талаптар қоюда: елімізге теориялық білімнен қарағанда тәжірибелік, техникалық және қызмет көрсету салаларында білікті мамандар аса қажет. Осыған байланысты 2015-2024 жылдардағы жағдайларды талдауды төмендегі 2 - ші кестеде көрсетеміз.

1-кесте. Жетілдірудің экономикалық және институционалдық бағыттары

Басымдық бағыттары	**Мақсаттары**	**Нәтижелері**
Еңбек нарығымен үйлестірулер	Экономиканың сұранысына байланысты кадрларды дайындау	Жұмыссыздық азаяды, өнімділік артады
ТжКБ имиджін қалыптастыру	Жас буынды жұмысшы мамандықтарына тарту	Бәсекеге қабілетті техникалық кадрлар
Қаржыландырудың тиімділігі	Нәтижелерге бағытталатын модель жасау	Сұранысқа ие сапалы білім беру
Цифрландыру және ииновациялар	Білімнің сапасына қатты мән беру	Индустрия 4.0 талаптарына сай мамандар (WorldSkills-12)
Ескерту: Авторлармен құрастырылды		

2-кесте. 2015-2024 жылдардағы экономикалық жағдайды талдау

Көрсеткіштер	**2015 жыл**	**2024 жыл**	**Өзгерістер, %**
ТжКБ ұйымдарының саны	807	801	-0,7
Білімгерлер саны	489 мың	517 мың	+5,7
Жұмысқа орналасу үлесі	68%	63%	-5
Еңбек нарығында кадр тапшылығы (техникалық салалар)	25-30%	35-40%	+10
Дерек көзі: [12] дерек көзі бойынша жасалды			

Көріп отырғанымыздай, техникалық мамандықтар бойынша еңбек нарығында тұрақты кадр тапшылығы байқалуда, бұл атаулы жүйенің қазіргі еңбек сұранысына толық сай еместігін көрсетеді.2024 жылы білімгерлер саны 517 мыңға артқан, жұмысқа орналасу үлесі 63 пайызға тең, кадр тапшылығы 40 пайызға дейінгі мөлшерді көрсетеді.2025 жылы қатынасты көрсететін бәсекелестік индексі 3,9 пайызды құраған. Жалпы 2025 жылдың жаңа тренді еңбек нарығында құрылымдық серпінді жақсарту болып табылады.

Зерттеуімізше негізгі себептер мыналарға байланысты болады:

1. Мамандықтар тізбесі мен оқу бағдарламаларының еңбек нарығының нақты сұранысына сәйкес келмеуі;

2. Өндіріс саласы мен колледждер арасын-

дағы тиімді серіктестіктің жеткіліксіздігі;

3. ТжКБ саласының әлеуметтік және кәсіби беделінің төмендігі, жастардың көбінің жоғары білім алуға ұмтылуы;

4. Оқыту мазмұнының қазіргі технологиялық талаптар мен инновациялық шешімдерден артта қалуы

Осындай бағыттарды дамыту үшін төмендегідей шараларды жүзеге асыру керек (кесте 3).

3-Кесте. ТжКБ саласына еңбек нарығына қатысты дамыту көрсеткіштерін талдау

	Бағыттары	Негізгі шаралар	Күтілетін нәтижелер	Соңғы сандық деректер
1	Еңбек нарығына бейімделу	Аймақтар бойынша кадр балансын есептеу	Артық және жетіспейтін мамандықтарды саралау	2030 жылға дейін жалпы еңбек ресурсына сұраныстар 1.6 млн адам, яғни оның 900 мыңға жуығы – техникалық және кәсіптік білім алған мамандар қажет болады.
2	Дуальды білім беру	Өндірістік тәлімгер жүйесі	Түлектердің жұмысқа дайын болуы	Қазақстанда 410 колледж 518 кәсіпорынмен ынтымақтастықта, яғни дуальды оқытуда 91 мың студент қамтылған. Түлектердің жұмысқа орналасуы 79% деңгейінде
3	Қаржыландыру	Қаржыландыруды аймақтық сұраныспен байланыстыру	Сапалы мамандар даярлау	Колледждердегі мемлекеттік тапсырыстар көлемі артуда: жаңа оқу жылында 145 мың оқу орны қарастырылған (12 мың орынға артық).
4	Цифрлық трансформация	Smart-колледждер, онлайн симуляторлар	Индустрия 4.0 мамандары	Еңбек министрлігі инновациялық платформалар арқылы 755 инвестициялық жобаны қамтып, 150 мың жұмыс орнын жоспарлап отыр, бұл білім беру мен еңбек сұранысын цифрлық картаға түсіруді қамтамасыз етеді.
5	Мамандық беделін арттыру	Ақпараттық науқандар, жаңа жобаларды кеңейту	Қоғамда жұмысшы мамандығына оң көзқарас қалыптастыру	ТжКБ түлектерінің еңбек нарығына қатысуы артып келеді, дәлелі жұмысқа орналасу деңгейі 79%-ға жетті.
Ескерту: Авторлармен құрастырылды				

Кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы басты даму бағыттары цифрлық трансформация бойынша Smart-колледждер мен онлайн платформаларды енгізу білімгерлердің практикалық дағдыларын арттырып, индустрия 4.0 талаптарына сәйкес мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Бұл жерде 755 инвестициялық жобалар қамтылған, жоғарыда айтылған практикалық ұсыныстардың орындалғанының көрінісі деуге болады. Мамандықтың беделін арттыру бойынша жұмысқа орналасу деңгейінің 79 пайызға артқанын көруге болады.

Мамандық беделін арттыру бойынша «WorldSkills Kazakhstan» жобасы мен ақпараттық науқандар жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы бағасын көтеріп, жастардың ТжКБ жүйесіне қызығушылығын арттырады.

Кестедегі бағыттар бір-бірімен тығыз байланысты және ТжКБ жүйесінің негізгі мәселелерін шешуге бағытталған. Бұл шаралар үйлестірілген жағдайда кадр даярлау сапасы жақса-


рып, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші өседі, сонымен қатар кадр тапшылығы азаяды.

Елімізде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудағы стратегиялық мақсатты қоғамның талаптары мен индустриялдық – инновациялық даму және әлемдік білім кеңістігінің интеграциясымен байланыстыру керек [13].

Тағы бір елеулі мәселе ретінде мүмкіндіктері шектеулі жұмысқа жарамды мамандар немесе ерлер жұмысы деп ойлайтын әйел адамдар жасай алатын жұмыстар туралы айтуға болады. Оларды бірдей немесе ұқсас бағыттағы бағдарламаларға жас маман ретінде жиі қатыстыру керек деп есептейміз, бұл олардың әлеуметтік ерекшеліктерімен және бейімделу мүмкіндіктерін жақсартумен байланысты болады. Мысалы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар, сондай-ақ ерлер үлесі басым кәсіби салаларда даярлықтан өтетін әйел-стажерлер дискриминациялық тәжірибелерге, әлеуметтік оқшаулануға және тең емес қарым-қатынас жағдайларына жиі тап болған. Техникалық және кәсіптік білім беруге қатысты қоғамда қалыптасқан жағымсыз әлеуметтік ұстанымдар жағдайында ТжКБ жүйесіне қатысу жастардың мәдени, әлеуметтік және экономикалық капиталын қалыптастыру мүмкіндіктерін едәуір шектегені байқалады [14].

Негізінде әйел стажерлермен біліктілікті арттыру курстарын ашып, техникалық және кәсіптік білім беруді нығайтып, әйел кәсіпкерлігін қолдайтын болсақ, жаңа жұмыс орындарын ашып, кедейлік деңгейін барынша азайтатын едік. Өйткені қазіргі кезде кәсіпкер әйел азаматшалары экономиканың белсінді деген мықты бөліктерін құрап отыр десек артық айтпаған болар едік. Олардың алдарында тұрған кедергілер аз емес, әйтсе де сол кедергілерді мемлекет тарапынан берілетін қолдаулар арқылы шешуге болады.

Қазақстанда цифрлық экономиканы дамыту әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігімен қатар жүреді, цифрлық технологиялар кәсіпті жеңілдетіп, нарыққа шығуға мүмкіндік береді. Отандық бизнеске әйелдердің белсенділігі елу пайызды құрайды, бұл еліміздің жалпы ішкі өнімінің қалыптасуына 40 пайыз үлес қосады дегенді білдіреді [15]. Осы деректерге сүйене отырып, 2021-2024 жылдар аралығындағы отандық ішкі өнім көрсеткіштерін талдаймыз (Сурет 2).



2-Сурет. Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің жылдық көрсеткіштері, млрд. доллар

Ескерту [15] дерек бойынша құрастырылды

Суреттен көріп отырғанымыздай ЖІӨ 2023 жылы 261 млрд доллардан асса, 2024 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 10 пайызға артқанын көре аламыз. Зерттелген деректерден 2025 жылы нақты өсімнің 6,5 пайызға артқанын біле аламыз.

Қазіргі таңда елімізде кәсіптік, техникалық білім беру жүйесі бойынша 772 колледж жұмыс жасайтынын білеміз. Мұндағы мемлекеттік тапсырыс көлемі 150 мыңға жуық орынды құрайды. Ең бастысы білімгерлердің тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру, дуальды оқыту жүйесін жандандыру болып табылады. Ол үшін бизнестік бағыттар мен инвесторларды барынша тарту ұсынылады. Шетелдік білім беру кешендерімен серіктестікті нығайту да тәжірибелік тұрғыда оң нәтиже береді. Ұлттық стандарттар жүйелерін талдау мен оңтайландыру толықтай енгізіледі [16].

Осылайша кәсіпкерліктің көптеген бөлігін құрап отырған әйел кәсіпкерлерді мемлекет тарапынан қорғау ұсынылады. Осыған байланысты техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы бағдарламалардың күрделі және көп өлшемді сипатын ескере отырып, аталған шолуда жекелеген іс-шараларды салыстырмалы талдаудан гөрі, білім алушылардың оқу үдерісіндегі тәжірибесін жан-жақты әрі кешенді түрде талдауға басымдық берілді.

Қорытынды. Қазіргі кезеңде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуы кәсіпкерлік сектордың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, нарыққа бейімделуге және өндіріс процесіне инновациялық технологияларды енгізу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Ел басшысының демеуімен бастау алған жұмысшы мамандықтарының жылы бірнеше шараларды дұрыс және тиімді ұйымдастыру керек. Ашылған Ұлттық құзыреттілік орталығымен жұмыстарды барынша оңтайландыру қажет.

Ұсыныстар бойынша мемлекеттік тапсырысты еңбек нарығының болжамдарына сәйкес жаңарту, дуальды оқытуды 60%-ға дейін кеңейту, тәуелсіз ұлттық сертификаттау жүйесін енгізу және білім беру кластерлерін құру ұсынылады.

Зерттеу нәтижелерін практикалық тұрғыда қолдану бағыттары:

- мемлекеттік деңгейде: экономиканың нақты секторында стандарттарға қатаң сай болатын білім беру бағдарламаларын өзектілендіру, білім беру үрдістерін цифрландыру, жасыл экономика қағидасын интеграциялау;

- кәсіпкерлікке қолдау тетіктері деңгейінде: дуальды білім беру бағдарламаларын масштабтау, құзіреттілікті айқындау орталықтарын дамыту,эндаумент-қорлар;

- аймақтық және әлеуметтік деңгейде: жас маман сияқты жобаларды дамыту, жұмысшы мамандықтарының деңгейін көтеру, инклюзивті білімде кәсібилікті арттыру.

Қорытындылай келгенде, Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясы жаңа мамандықтарды және кәсіби стандарттарға сәйкес оқу бағдарламаларын жасау, өндірістік тәжірибені жетілдіру кадр тапшылығын азайтып, экономиканың нақты секторын дамытуға ықпал етеді. ТжКБ жүйесін жетілдіру - білікті кадрлармен қамтамасыз ету, инновациялық әлеуетті арттыру және экономикалық тұрақтылықты сақтау жолындағы стратегиялық қадам болып табылады.

Аталған ұсыныстар арқылы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуындағы білікті кадрлармен қамтуды жетілдіруде, мемлекеттік деңгейдегі және аймақтық- әлеуметтік деңгейдегі бағыттар арқылы тұрақты экономикалық даму мен жаңа жұмысшы орындарын құруды алғы орынға қоя аламыз.

Жалпы, осы маңыздылықты цифрлық экономика талаптарымен ұштастыру Қазақстан экономикасы кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады, білім сапасының жаһандық деңгейге көтерілуіне жол ашады.

Әдебиеттер

1. Жұмысшы мамандықтарын қолдау - экономикалық дамудың негізі. -2025. URL: https://turkystan.kz/article/272645-zumyssy-mamandyqtaryn-qoldau-ekonomikalyq-damudyn-negizi. -Қаралған күні: 12.12.2025.

2. Кунязова С. К. Экономиканы цифрландыру жағдайында адами капиталды дамыту: монография //Павлодар: Toraighyrov University. -2023. -107б. ISBN 978-601-345-436-8.

3. Ташенев М. Ж. Совершенствование системы технического и профессионального образования за годы независимости Казахстана // Вестник КазНУ: Серия историческая. – 2022. - Т.104(1). –С.154-159. DOI 10.26577/JH.2022.v104.i1.17.

4. Гневашева В.А., Фальковская К.И. Профессиональный потенциал Республики Казахстан // Вестник Алтайской академии экономики и права. -2024. -№ 8 (часть 1). -С.50–54. DOI 10.17513/vaael.3621.

5. Абуова, Н. А., Абдикадырова А.А, Современное состояние технического образования в Республике Казахстан и его роль в мировой системе //Молодой ученый. -2015. -№ 8.2(88). -С.18-21. ISSN 2072-0297.

6. Мамыров Н.К., Нурпеисова Н.С., Нурпеисова Л.С. Формирование рынка труда в малых и средних городах Казахстана:учебное пособие/Алматы, Экономика. -2000. -223 с. ISBN 9965-448-65-5

7. Полушкина Е.А., Краснова Г.А. Развитие системы непрерывного образования республики Казахстан: состояние и перспективы// Вестник РУДН, серия Информатизация образования. -2015. -No 3. -С.116-125. ISSN 2312-8631, 2312-864X.

8. Скрипник Г. Год рабочих профессий: Какие специалисты нужны в Жамбылской области. -2025. URL: https://ec-sport.kz/?p=33972. - Қаралған күні: 10.12.2025.

9. Ключарев Г.А., Тюрина И.О Болонский процесс: успехи и сомнения/соц исследования-2023. -№4. -С.84-93с. DOI 10.31857/S013216250025450-8.

10. Денисова О.К., Конурбаева Ж.Т. Анализ подготовки инженерных кадров в Республике Казахстан//Вестник университета «Туран». -2022. -Т.3. -С.260-270. DOI 10.46914/1562-2959-2022-1-3-260-270.

11. Nurmukhanova G., Абжатова, А., Kurmangalieva A. The relationship between the labor market and higher education in kazakhstan: trends and development directions // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. -2026.-Vol.419(1). -P.875-891. DOI 10.32014/2026.2518-1467.1139

12. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Қазақстан Республикасындағы жұмыспен қамту және еңбек нарығы туралы есеп. –Астана. -2024. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek?lang=kk. -Қаралған күні: 11.03.2026.13. Борибеков К.К., Кусаинов А.К. Развитие технического и профессионального образования в Казахстане// Профессиональное образование в России и за рубежом. -2015. -Т.2(18). - С.23-26

14. Shi Y., Bangpan M. Young people’s participation experiences of technical and vocational education and training interventions in low- and middle-income countries: a systematic review of qualitative evidence//Empirical Research in Vocational Education and Training. -2022. -Vol.14: 8. DOI 10.1186/s40461-022-00136-4.

15. Андабаева Г.К., Какижанова Т.И., Абинова А.Ю. Әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау-тұрақты экономикалық даму факторы//Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Экономика сериясы. -2025. -№ 4. -Б 30-48. DOI 10.32523/2789-4320-2025-4-30-48.

16. Hanna Alieksieieva, Viktoriia Zhygyr, Irina Nagay, Oleksandr Antonenko and Oleksandr Ovsyannikov. Global Partnership in Education as an Enhancement of University Prestige and Economic Impact// American Journal of Biomedical Science and Research. -2023. -Vol.20(4). -P.509-517. DOI 10.34297/AJBSR.2023.20.002742.

References

1. Zhumysshy mamandyqtaryn qoldau - jekonomikalyq damudyn negizi. -2025. URL: https://turkystan.kz/article/272645-zumyssy-mamandyqtaryn-qoldau-ekonomikalyq-damudyn-negizi. -Date of access: 12.12.2025. [in Kazakh]

2. Kunjazova S.K. Jekonomikany cifrlandyru zhagdajynda adami kapitaldy damytu: monografija //Pavlodar: Toraighyrov University. -2023. -107b. ISBN 978-601-345-436-8. [in Kazakh]

3. Tashenev M. Zh. Sovershenstvovanie sistemy tehnicheskogo i professional' nogo obrazovanija za gody nezavisimosti Kazahstana // Vestnik KazNU: Serija istoricheskaja. - 2022. -T. 104(1). -S.154-159. DOI 10.26577/JH.2022.v104.i1.17. [in Russian]

4. Gnevasheva V.A., Fal' kovskaja K.I. Professional' nyj potencial Respubliki Kazahstan // Vestnik Altajskoj akademii jekonomiki i prava. -2024. -№ 8 (chast' 1).-S.50-54. DOI 10.17513/vaael.3621. [in Russian]

5. Abuova, N. A., Abdikadyrova A.A, Sovremennoe sostojanie tehnicheskogo obrazovanija v Respublike Kazahstan i ego rol' v mirovoj sisteme //Molodoj uchenyj. -2015. -№ 8.2(88). -S.18-21. ISSN 2072-0297. [in Russian]

6. Mamyrov N.K., Nurpeisova N.S., Nurpeisova L.S. Formirovanie rynka truda v malyh i srednih gorodah Kazahstana:uchebnoe posobie/Almaty, Jekonomika. -2000. -223 s. ISBN 9965-448-65-5.[in Russian]

7. Polushkina E.A., Krasnova G.A. Razvitie sistemy nepreryvnogo obrazovanija respubliki Kazahstan: sostojanie i perspektivy// Vestnik RUDN, serija Informatizacija obrazovanija. -2015. -No 3. -S.116-125. ISSN 2312-8631, 2312-864X. [in Russian]

8. Skripnik G. God rabochih professij: Kakie specialisty nuzhny v Zhambylskoj oblasti.-2025 https:// ec-sport.kz/?p=33972. - Date of access: 10.12.2025. [in Russian]

9. Kljucharev G.A., Tjurina I.O Bolonskij process: uspehi i somnenija/soc issledovanija-2023. -№ 4. -S.84-93c. DOI 10.31857/S013216250025450-8. [in Russian]

10. Denisova O.K., Konurbaeva Zh.T. Analiz podgotovki inzhenernyh kadrov v Respublike Kazahstan//Vestnik universiteta «Turan». -2022. -T.3. -S.260-270. DOI 10.46914/1562-2959-2022-1-3-260-270. [in Russian]

11. Nurmukhanova G., Абжатова, A., Kurmangalieva A. The relationship between the labor market and higher education in kazakhstan: trends and development directions // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. - 2026. -Vol.419(1). -P.875-891. DOI 10.32014/2026.2518-1467.1139

12. Qazaqstan Respublikasy Enbek zhane halyqty aleumettik qorgau ministrligi. Qazaqstan Respublikasyndagy zhumyspen қamtu zhane enbek narygy turaly esep. -Astana. -2024. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek?lang=kk. -Date of access: 11.03.2026. [in Kazakh]

13. Boribekov K.K., Kusainov A.K. Razvitie tehnicheskogo i professional' nogo obrazovanija v Kazahstane// Professional' noe obrazovanie v Rossii i za rubezhom. -2015. -T.2 (18). -S.23-26. [in Russian]

14. Shi Y., Bangpan M. Young people's participation experiences of technical and vocational education and training interventions in low- and middle-income countries: a systematic review of qualitative evidence//Empirical Research in Vocational Education and Training. -2022. -Vol.14: 8. DOI 10.1186/s40461-022-00136-4.

15. Andabaeva G.K., Kakizhanova T.I., Abinova A.Ju. Ajelder kəsipkerligin memlekettik qoldau-turaqty jekonomikalyq damu faktory//L.N.Gumilev atyndagy Eurazija ulttyq universitetinin habarshysy. Jekonomika serijasy. -2025. –N 4. -B.30-48. DOI 10.32523/2789-4320-2025-4-30-48. [in Kazakh]

16. Hanna Alieksieieva, Viktoriia Zhygyr, Irina Nagay, Oleksandr Antonenko and Oleksandr

Ovsyannikov. Global Partnership in Education as an Enhancement of University Prestige and Economic Impact// American Journal of Biomedical Science and Research. -2023. -Vol.20(4). -P.509-517. DOI 10.34297/AJBSR.2023.20.002742.

Авторлар туралы мәлімет

Өмірғазынов А.А. - PhD докторанты, Әл-Фараби Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: aidarkhan0126@mail.ru;

Кангалакова Д.М. - PhD, қауымдастырылған профессор, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің РМҚК «Экономика институты», Алматы, Қазақстан, e-mail: dmuratbekovna@mail.ru;

Баядилова Б.М. - PhD, ассистент профессор, Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: B.Bayadilova@kaztbu.edu.kz

Нурпейсова А.З. - э.ғ.м., сеньор-лектор, Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: asem_nz@mail.ru;

Саржанова А.С. - докторант «Turan-Astana» University, Астана, Қазақстан, e-mail: sarzhanova.ayagoz@mail.ru.

Information about the authors

Omirgazynov A. - PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aidarkhan0126@mail.ru;

Kangalakova D. - PhD, Associate Professor, «Institute of Economics» RSE under the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: dmuratbekovna@mail.ru;

Bayadilova B.- PhD, Assistant Professor, K. Kulazhanov Kazakh University of Technology and Business, Astana, Kazakhstan, e-mail: B.Bayadilova@kaztbu.edu.kz;

Nurpeisova A. - Master’ s degree, Senior Lecturer, K. Kulazhanov Kazakh University of Technology and Business, Astana, Kazakhstan, e-mail: asem_nz@mail.ru;

Sarzhanova A.- PhD student «Turan-Astana» University, Astana, Kazakhstan, e-mail: sarzhanova.ayagoz@mail.ru.